

Халықтың қуаты – бірлікте!

№17 (20 934)
30 сәуір,
2026 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Instagram: Atyrau.gazeti
Email: atyrau_gazeti@mail.ru
Facebook: Атырау газеті
Website: www.atr.kz
Telegram: «Атырау» газеті
YouTube: atyrau_gazeti
Twitter: Atyrau_news
Atyrau жаңалықтары

***1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні**



Қадірлі отандастар! Қымбатты Атырау облысының тұрғындары!

Сіздерді күнтізбедегі жарқын да маңызды мерекелердің бірі – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын көңілден құттықтаймын! Бұл мереке – біздің басты құндылығымызға баланың бірлігіміздің, елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың достығы мен татулығының нышаны. Біз ата-бабамыздан мирас болған салт-дәстүрлер мен танымымыздың, ауызбірлігіміз бен өзара сыйластығымыздың жібін үзбей, Ұлы даланың бай тарихын еңсені тік көтере жалғастырып келеміз.

Бірлік пен ынтымақтың негізгі қағидаттары еліміздің Ата заңы – Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясында бекітілген. Оның мазмұны мемлекетіміздің біртұтастығын, Заң мен Тәртіп қағидаларын, азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтау, мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны дамыту, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау сынды маңызды

ұстанымдарды айқындайды. Бұл Жаңа Қазақстанның кескін-келбетін қалыптастыруға негіз болады.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен елдігімізді нығайтуға, экономиканы өркендетуге және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды реформалар іске асырылуда. Бұл өзгерістер біздің әрқайсымыз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Атырау облысында түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде мамыражай күн кешіп, еңбек етіп келеді. Біз тонның ішкі бауындай тірлігіміз бен бір-бірімізге деген қолдаудың арқасында өлкеміздің дамуындағы елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, аймақтың экономикалық әлеуеті мен әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып келеміз.

Хакім Абай өзінің қара сөзінде «Бірлік – ақылға бірлік» дегенді

айтады. Бұл пайым біздің бағдарымыз болып қала бермек.

Мерекелі күнде облысымыздың әр тұрғынының ел игілігі жолындағы ортақ іске қосқан үлесіне, белсенділігі мен еңбегіне ықпалын ризашылығымызды білдіреміз. Біз алдағы биік белестерді бірлігімізді сақтай отырып қана бағындыра аламыз. Ынтымақтың жетегімен ырысқа жетеміз.

Қадірлі жерлестер!

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, бақ-береке мен жарқын болашақ тілеймін. Әр шаңырақта бейбітшілік салтанат құрып, ардақты өлкеміз бен байтақ Қазақстанымыз ала адымдай берсін.

Мереке құтты болсын, ағайын!

Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі

*Экономика

Енді Атыраудан бәрі шығады

АТЫРАУДА ӨНІРДЕГІ ІРІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. МАҚАТ АУДАНЫНДА ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕТОРЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «ЕВРАЗИЯ» ЖЕКЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. АТЫРАУ – ДОССОР ТАСЖОЛЫ БОЙЫНДА САЛЫНАТЫН НЫСАННЫҢ ЖАЛПЫ АУМАҒЫ – 261 ГЕКТАР. ЖОБА ӨНІМДЕРДІ РЕСЕЙГЕ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСҚА ЭКСПОРТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН, БҰҒАН НЫСАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ ОРНАЛАСУЫ ОҢЫҚПАЛЫН ТИГІЗБЕК.

Жобаны іске асыру 2031 жылға дейін жоспарланған. Бірінші кезеңдегі инвестиция көлемі 120 миллион АҚШ долларын құрайды. Индустриялық аймақ іске қосылған жағдайда шамамен 1300 жаңа жұмыс орны ашылмақшы. Бұл жоба өңірде мұнай-химия кластерін қалыптастыруға негіз болмақ.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бөлім басшысы Қарлығаш Бекбаеваның айтуынша, индустриялық аймақта бірнеше өндірістік бағыт, соның ішінде алты зәкірлік жоба бар.

– Мұнда өндірістің бірнеше бағытын қатар дамыту жоспарланған. Атап айтқанда,

мұнай-химия саласына арналған жабдықтар, құбырлар мен құрылыс материалдары, лак-бояу өнімдері, энергия үнемдейтін технологиялар, темірбетон бұйымдары, натрий-ионды аккумуляторлар шығару және шөлейттенуге қарсы биомассаны қайта өңдеу жобалары қамтылады, – деді Қ.Бекбаева.

«ЕвразияСтройКапитал» ЖШС директорының орынбасары Вейбо Ланның айтуынша, қазіргі уақытта темірбетон бұйымдарын өндіру жобасы жүзеге асырылуда. Аймақтағы негізгі бағыттың бірі – шөлейттенуге қарсы бастамалар.

– Шөлейт жерлерді қалпына келтіру жобасы 500 гектар аумақта тәжірибелік негізде жүріп

жатыр. Бұл Атырау облысындағы сортаң жерлерді көгалдандыруға мүмкіндік береді. Аймақ экологиясы жыл сайын қамыс өртінен зардап шегеді. Осы мәселені шешуге де оң әсерін тигізбек. Бастама сәтті болса, мұндағы технологияларды ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде және керосин өндіруге де пайдалануға болады, – деді В.Лан.

Жоба тұйық өндірістік цикл түзуді және экологиялық шешімдер енгізуді көздейді. «Евразия» индустриялық аймағы өңірдің өнеркәсіптік дамуының драйверіне айналып, экономиканың өркендеуіне серпін бермек.

Бек АЙДАРӘЛИ

Құрметті Атырау облысы тұрғындары мен қонақтары!



«Теңішевройл» ұжымы атынан барша қазақстандықтарға Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын дейміз.

Бұл мереке бір-бірімізді құрметтеу, тату болу, ортақ болашақ жолында бірлесіп еңбек ету маңызды екенін еске салады. Әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдері арасындағы бірліктің мәні – күнделікті іс-әрекетте, бір-бірін тыңдап, ортақ түсінік таба білгенде жатыр.

«Теңішевройл» компаниясында көптеген ұлт өкілі еңбек етеді, сондықтан кәсіби шеберлік пен жауапкершілікке негізделген ынтымақтастық ортақ жұмысымыздың берік іргетасы. Біз сенім мен өзара түсіністік тұрақты нәтижелерге жеткізеді деп санаймыз.

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын! Бәріңізге зор денсаулық, бақыт, отбасыңызға амандық және бейбітшілік тілейміз. Халық достығы мен бірлігі мәңгі болсын!

Билли Лакоби,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Теңішевройл» ЖШС
бас директорының орынбасары

Серік Қалжанұлы МҰХАМБЕТОВ



Атырау өңірінің мәдениет пен өнер саласы ауыр қайғыға ұшырады. Осы саланың ардагері, қоғам қайраткері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Серік Қалжанұлы Мұхамбетов 77 жасында дүниеден озды.

Ол 1949 жылы 6 сәуірде Атырау облысының Қызылқоға ауданы, Қарабау селосында дүниеге келген.

С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітіріп, журналист мамандығын алды. Мақат аудандық «Мұнайшы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды.

1977-1987 жылдары Мақат аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, Облыстық партия комитетінде нұсқаушы, ұлтаралық қатынастар секторының меңгерушісі, Мақат аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды.

1990-1993 жылдары Қазақстанның менеджмент, экономика және болжамдау институтында оқып, социолог-саясаткер мамандығын алып шықты. 1992-1994 жылдары облыс әкімшілігінде бас маман, ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі

қызметтерін атқарды. Серік Қалжанұлы облыста тұңғыш «Наурыз» мерекесінің, ұлы композитор Құрманғазының 175 жылдық мерейтойының өтуіне, Ресейдің Алтынжар селосында Құрманғазы кесенесі салынуына белсене атсалысты. Дина Нүрпейісова атындағы республикалық күйшілер сайысын, «Алтын домбыра» байқауын 1998 жылы Атырау облысының Астанадағы күндерін өткізуді ұйымдастырды. Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары бола жүріп, 1999-2005 жылдары өңірдегі ұлттық-мәдени орталықтарының, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасуына атсалысты.

Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі бөлімі бастығының, кейін басқарма бастығының орынбасары болған жылдары мемлекеттік тілдің өркендеуіне қатысты көпшілік-мәдени шаралар, өзге ұлт өкілдерінің арасында Отанды сүю, ұлт дәстүрін сақтау, бағытында түрлі фестивалдарды ұйымдастыруға бас болды. БАҚ басылымдарында мемлекеттік тілді дамытудың іс шаралары жайлы толғамды ойлар айтқан мақалаларымен көзге түсті.

2007 жылдың қыркүйек айынан облыстық Мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, 2009 жылдың 20 наурызынан басқарма бастығы болып тағайындалған кезең аралығында мәдениет мекемелерін мәдени шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысуға жұмылдырды. Ел арасынан тума таланттардың ерекшеленіп шығуына барынша көмек беруге тырысты, «Ән – Атырау», вокальді-аспаптық ансамбльдер байқаулары өткізілді.

2012-2014 жылдары облыстық тарихи өлкетану мұражайының директоры қызметін атқарды, музей республикада алдыңғы орындардың бірінде болды. С.Қ.Мұхамбетов кәсіби біліктілігінің, көп жылғы мемлекеттік қызметкер ретіндегі тәжірибесінің нәтижесінде облыстың саяси-әлеуметтік дамуына және экономикасы мен мәдениетіне қосқан үлесі үшін ҚР Құрмет грамотасымен, ҚР. Президенті Қ.Тоқаевтың Алғыс хатымен, «Мақат ауданының Құрметті азаматы» атағымен, Мәдениет Министрінің, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың Құрмет

грамоталарымен марапатталды. ҚР Президентінің Жарлығымен «Астана», «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен, Орталық ардагерлер кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері», Атырау облысының ардагерлер кеңесінің «Х.Доспанова» медальдарымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет Министрлігінің «Мәдениет ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері.

С.Қ.Мұхамбетов белгілі журналист, облыстық, аудандық республикалық баспасөз беттерінде 300-ге жуық мақалалары жарық көрді, әңгімелері бірнеше кітаптарға енді, «Атырау облысы ардагерлерінің 100 есімі», «Боздақтар», «Кел Мақатқа», «Атырау облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы», «Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы», «Батамен ел көгерер» кітаптарының авторы, «Тағзым» атты еңбегі жарық көрді. Мемлекетаралық мәдени байланыстар мәселелерімен Ресей, Израиль, Түркия мемлекеттерінде іс-сапарлармен болды. Санкт-Петербург, Астрахан Қалмықияның Каспийск, Астана, Алматы, Түркістан қалаларында өткен конференцияларда баяндама жасады.

2016 жылғы қазан айынан бастап Атырау облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып, аға буын өкілдерін әлеуметтік қолдау, жас ұрпаққа ізгілікті, отансүйгіштікті тәрбие беру, аға ұрпақты рухани жаңғыртуға белсене қатыстыру мәселелеріне ерекше үлес қосты. Осы кезеңде «Ардагер әуендері», «Ата-баба аманаты» фестивалдары, батагөйлердің облыстық аймақтық республикалық байқаулары, ардагер теннисшілер, шахматшылар, волейболшылар жарыстары өткізілді. «Ардагер ұйымы» РКБ-нің VIII съезінде Орталық кеңестің мүшесі болып сайланды.

Зайыбы, белгілі ұстаз Бактылы Нұрбергенқызымен бірге бір ұл, бір қыз, төрт немере тәрбиелеп өсірді.

Серік Қалжанұлы Мұхамбетовтың жарқын бейнесі облыс жұртшылығының жүрегінде ерекше сақталады.

Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

«Атырау ЖЭО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 24.04.2026 жылғы «Табиғи монополия туралы» ҚР Заңының 25-бабының 6-тармағына сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға инвестициялық бағдарлама мен реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша тарифтік сметалардың орындалуы туралы есеп өткізді.

«Атырау ЖЭО» ЖШС екі қызмет түрі бойынша Табиғи монополия саласында қызмет көрсетеді:

1. Жылу энергиясын өндіру қызметі;
2. Басқа мекемелердің жылжымалы құрамының жүруі үшін кірме темір жолдарын беру қызметі.

ҚР Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің Атырау облысы бойынша 26.12.2025 ж. №100-НҚ және Атырау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының 26.12.2025 ж. №210-НҚ бұйрығына сәйкес 2025 жылға жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттелетін көрсетілетін қызмет бойынша инвестициялық бағдарламаның көлемі 429,31 млн.тенгені құрайды, нақты орындалғаны – 429,31 млн.тенге.

«Атырау ЖЭО» ЖШС өндірістік-шаруашылық қызметінің өткен 2025 жылғы нақты қорытындысы:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2025 ж. тарифтік сметасы бойынша	2025 жылдың көрсеткіштер
I. Табиғи монополиялар саласындағы қызметтердің бірінші түрі			
Жылу энергиясын АЖЭО және Аудандық қазандықтың жинағыштарынан босату	мың. Гкал	880,05	789,91
Көрсетілетін қызметтер көлемі	мың. Гкал	880,05	788,28
Жылу энергиясын сатудан түскен табыс	млн. теңге	3 831,45	3 366,12
Жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар	млн. теңге	3 831,45	3 963,74
Жылу энергиясы бойынша негізгі қызмет нәтижесі (табыс +, залал -)	млн. теңге	-	-597,61
II. Табиғи монополиялар саласындағы қызметтердің екінші түрі			
Көрсетілетін қызметтер көлемі	вагоно-км	808,48	1 063,56
Бөгде ұйымдардың жылжымалы құрамының жүруі үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтен түсетін кіріс	млн. теңге	9,16	12,04
Бөгде ұйымдардың жылжымалы құрамының жүруі үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтерге жұмсалған шығындар	млн. теңге	9,16	14,35
Нәтижесі-қызметті (табыс +, залал -)	млн. теңге	-	-2,30

«Атырау жылу энергия орталығы» ЖШС «Табиғи монополия саласындағы жылу энергиясын өндіру және жабдықтау қызметтерін көрсету және басқа мекемелердің жылжымалы құрамының жүруі үшін кірме темір жолдарын беру бойынша қызметінің 2025 жылғы есебі туралы толығырақ «www.ahtps.kz» компаниясының ресми сайтында танысуға болады.

«Архитектура Дизайн и Проектирование» ЖШС-і ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, ашық жиналыс өткізу жоспарланып отыр, келесі мекен-жай бойынша Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұшпықұдық а.о., Тұшпықұдық а. Шәріпов к-сі, 18, Мәдениет үйінің ғимараты, 2026 жылдың 2 маусымында, сағат 15:00-де, «Атырау облысы Исатай ауданы, Тұшпықұдық ауылында 540 м3 резервуарлық парк газ сақтау» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп»

Геологиялық бөлу координаттары: 47,308308, 51.110808
Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Исатай ауданы, Тұшпықұдық ауылы ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:

Zoom <https://us06web.zoom.us/j/86483688124?pwd=Hie40PTaFX1LkmWuFq1xFHV8c8Vj.1>
Жеке конференцияның идентификаторы: 864 8368 8124. Кіру коды: 154379

Жобалық құжаттамамен порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған ортаның жай-күйі және <https://hearings.ndbecology.gov.kz> ресурстарын сақтау туралы ұлттық деректер банкі, «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.prigroda@atyrau.gov.kz Тел.: 8 (7122) 35-45-59

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Архитектура Дизайн и Проектирование» ЖШС. БСН: 911018301623. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, БАҒЫТ БОЙЖАНОВ к-сі, 3.

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО НАЙС» ЖШС. Атырау қ-сы, Байтак ш.а. п.5, 6 үй. БСН: 131040011648

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады эл.м. a.ilyassova85@gmail.com және 8 701 977 210 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мугалжар Нефтрестрой» ЖШС-і «Атырау облысы, Атырау қаласы, Атырау-Доссор тас жолы, 301/32 ғимарат мекен-жайында орналасқан сыйымдылығы сағатына 180 м³ бетон араластыру зауыты» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізуде. Жоба құжаттамасы Бірыңғай Экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz/>) 2026 жылдың 13-19 мамыр аралығында қолжетімді болады. Пікірлер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтының қоғамдық талқылаулар бөлімінде және pri.kz2006@bk.ru электрондық поштасына бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі ардагер мұнайшы, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер **Нұрмұханов Мадыхат Сағыпұлының** қайтыс болуына орай отбасы мен туған-туыстарына орыны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын. Алла Тағала алдынан жарылқап, артында қалған ұрпағына ұзақ ғұмыр, баянды өмір нәсіп етсін.

«Bats Petroleum» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін хабарлайды: «Bats Petroleum» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатындағы құжаттар пакеті: Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы (НДВ); Қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ/ПУО); Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ/ПЭК); Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары; «Bats Petroleum» ЖШС кәсіпорнының инженерлік-техникалық корпусымен біріктірілген №1 жуу-булау цехін қайта жаңғырту» жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (КОҚ) бөлімі және табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары (ППМ), Атырау облысы, Атырау қаласы, өнеркәсіптік аймақ, №14 құрылыс» жұмыс жобасына арналған ҚОҚ (ООС) бөлімі және табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары (ППМ).

Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны мен уақыты: Атырау облысы, Атырау қаласы, Канцев көшесі, 15, «Береке» қонақ үйінің конференц-залы, 2026 жылғы 4 маусым, сағат 11.00.

Жер телімінің координаттары: 1) 47°04'23.2»N 51°57'51.5»E 2) 47°04'22.9»N 51°57'58.1»E 3) 47°04'12.9»N 51°57'57.0»E 4) 47°04'12.8»N 51°57'45.4»E

Zoom платформасы арқылы қосылу сілтемесі: https://us05web.zoom.us/join/84788350298?invitation=signature=Q1qfLXN7j-3H5So_Npmaj-7hJ02T6eEHCKQrpbYle8 Конференция идентификаторы: 529 919 4329 Қолжетімділік коды: 22222.

Жобалық құжаттама бірінші эколгиялық порталда орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122) 32-55-09, БСН: 050140002850.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Bats Petroleum» ЖШС, БСН: 2112400249816, Атырау қ., АНПЗ өнеркәсіптік аймағы, 14-ғимарат, БСН: 150540023006, тел.: 8-775-258-1528, e-mail: a.amanova@batspetroleum.kz.

Жобалаушы ұйым: «Центр испытаний качества продукции» ЖШС, Алматы қ., Райымбек даңғ., 348/4, БСН: 950540001322, e-mail: ctqr_oos@mail.ru, тел.: 8-707-341-42-12, «ЭкоСтандарт» ЖК, Атырау қ., А. Затаевич даңғ., 23, ЖСН: 870901300276, e-mail: ecostandard20@mail.ru. Қосымша ақпаратты a.amanova@batspetroleum.kz электрондық поштасы арқылы немесе 8-702-112-49-63 телефоны бойынша алуға болады.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 13.06.2025 жылы қайтыс болған **Махуов Рахат Болатұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Ақжастау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2026 жылғы 8 наурыз айында қайтыс болған **Аланов Нұржан Берекетұлының** мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенесе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы: 8 701 420 75 73. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Өділет министрлігі берген.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2025 жылғы 15 қарашада қайтыс болған **Канжова Арайлым Бақтықалиеваның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пәтерде орналасқан нотариалдық кенесіне хабарласулары сұралады.

Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел.: 87014739333.

Атырау облысы, Атырау қаласының нотариусы Нуршиева Жанаргүл Нұртаевна хабарлайды: 18 қантар 2026 жылы қайтыс болған анам **Жумағалиева Сағианнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, үй №457Г, кенесі нотариус, жұмыс телефоны: 36-31-93. Лицензия №18009649 15.05.2018 ж. ҚР ӨМ

Атырау облысы, Атырау қаласының нотариусы Нуршиева Жанаргүл Нұртаевна хабарлайды: 3 сәуір 2026 жылы қайтыс болған анам **Качинев Махмұтұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, үй №457Г, кенесі нотариус, жұмыс телефоны: 36-31-93. Лицензия №18009649 15.05.2018 ж. ҚР ӨМ

2026 жылдың 9 сәуір айында қайтыс болған **Дайрбаева Болғаншын** атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Амандықова Ақмарал Амандыққызына, Атырау қаласы, Авангард-3 шағынауданы, 75 үйдің орналасқан нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады. Лицензия №17006758, 18.04.2017 ж. ҚР ӨМ

Нотариусы Рахымбердиева Лаура Нурлановна (лицензия №22014790, ҚР ӨМ-мен 12.08.2022 ж. берілген) хабарлайды: 19 қазан 2025 жылы қайтыс болған **Байжанов Ибраһим Сәдуақасұлы** (29.03.1960 ж.т.) мұралық істің ашылғанын және оның мұрагерлеріне Атырау қаласы, Нұрса шағынауданы, 58 үйдің орналасқан нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: +7 701 245 85 88.

3 сәуір айының 2026 жылы қайтыс болған **Идрисов Нурлан Жолановичтың** атына мұралық іс ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлері болса, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Сабирова Индира Елтаевнаны, Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, №3 үй, 62 пәтер кенесіне хабарласулары сұралады. Ұялы тел.: 8 778 128 25 71. Лицензия №16020032, 29.12.2016 ж. ҚР ӨМ

Нотариус Ж.К.Шұрабаеваның нотариаттық кенесінде 20 шілде 2025 жылы қайтыс болған **Абдулхалиев Нұржамал Қуанышевна** (ЖСН 690910401539) қайтыс болу туралы куәлігін негізгі бойынша (№2514960, 28.07.2025 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» МК) КЕ АҚ Атырау облысы бойынша филиалының Атырау қалалық АХАТ бөлімі берген) атына мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлердің мына мекен-жайға: Атырау қаласы, Махамбет Өтемісов көшесі, №100 үйдің орналасқан нотариус кенесіне хабарласулары сұралады. Анықтама телефоны: 8 (702) 309-75-68. Лицензия №17004092, 07.03.2017 жылы ҚР ӨМ берген.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӨМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 06.03.2026 жылы қайтыс болған **Утепов Жасулан Құлжамановичтың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы тел.: 87027420470.

05.04.2026 жылы қайтыс болған **Аюпов Галымбек Досновичтің** (01.08.1971 ж.т.) атына мұралық іс ашылды, бар мұрагерлерді Атырау қаласы, Абай көшесі, 14а-4 кезулерінің сұралады.

ҚР ӨМ 12.12.2002 жылы №0001243 лицензия қолданушы нотариус Л.К.Самешева

2026 жылдың 2 қантар айында қайтыс болған **Дюсегалиева Жумания Канатбайқызының** атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Амандықова Ақмарал Амандыққызына, Атырау қаласы, Авангард-3 шағынауданы, 75 үйдің орналасқан нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады. Лицензия №17006758, 18.04.2017 ж. ҚР ӨМ

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 17.08.94 жылы қайтыс болған **Иттеуов Қайыржанның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайға нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

2025 жылғы 8 қазанда қайтыс болған **Мурзағалиев Ерасыл Галламовичтің** атына мұралық іс ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккәлиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., К.Ахмедияров көшесі, 30 А үй, тел.: +7 (775) 222-20-73 (ҚР ӨМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 17.01.2025 жылы қайтыс болған **Асбаева Айсулу Абуовнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайында нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №23 үй. Тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №